

Кеңес «Білгеніңіз жөн Аяз Ата сыйлықтар береді»

Жақында Жаңа Жыл.Кімге қандай сыйлық беремін деп ойланатын кез жетті.

Аяз Атаның құттықтауы ерекше. Балалар Аяз Атаға хат жолдап, қандай сыйлықтың қажет екенін жазып жатады. Сондықтан Аяз Атаның атынан құттықтаулар, сыйлықтар дайындау оңай жұмыс емес.

Сондықтан балаға қандай сыйлықтар сыйлауға болатыны жөнінде әңгімелесіп көрейік.

Балалық шақ- адам өміріндегі баға жетпес кезең. Бұл кезеңде сыйлық алғанды бәрі ұнатады. Өйткені балалар Аяз Ата елі бар дегенге сенеді. Сыйлықтар әртүрлі болады:ойыншықтар, кәмпиттер, киімдер, құрастырма ойындар, сабын көпіршіктері, жұмсақ шәркейлер.

Сыйлық дайындағанда баланың мінезін ескерген жөн. Егерде бала бір жерде отыра алмайтын болса, оған құрастырма ойындарын немесе түрлі-түсті суреттер қорапшасын сыйлаған жөн.

Ең кішкентай балаларға нағыз ертегіні сыйлау қажет. Сондықтан үйге Аяз Ата мен Ақшақарды, әртүрлі ертегі кейіпкерлерін шақырыңыз. Оларға ол тақпақ айтып, солардың қолынан сыйлық алсын. Әрине сіздің алдын ала баланың нені қалайтыны жөнінде біліп алғаныңыз дұрыс.

Сөйтіп 1 қаңтар күні шыршаның астындағы сыйлықты көріп, тіпті Аяз Атаның оған жазған хатын көріп бала таңданады. Аяз Атаның хатын бала үшін қызықты болатындай етіп жазған дұрыс. Сыйлықтардың қорапшасы жылтыр, түрлі-түсті көз тартатындай болуы қажет.